

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

13. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған **жұмыс жоспарларымен** анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

2017-2018 оқу жылында

Мақсаты: «Сапалы білім, саналы тәрбие беру».

Міндеттері:

- а) оқу бағдарламасы бойынша оқушыларға білім беруде білім стандартының талаптарын қамтамасыз ету;
- ә) Озат тәжірибелер мен инновациялық оқыту технологиясын ұтымды пайдалана отырып оқу сапасын арттыру;
- б) Оқу – тәрбие жұмысының сапасын арттыруда ата-аналармен тығыз байланыста болу;
- в) Оқушылардың сабаққа толық қатысуына, жан-жақты дамуына педагогикалық басшылық жасау;
- г) Мониторинг жасау.

2017-2018 оқу жылы бойынша оқушылар контингенті

Оқыту кезеңдері	2017-2018 оқу жылы		
	Саны		Орташа толымдылығы
	оқушы	сынып	
Мектеп алдындағы	23	1	23
Бастауыш мектеп	167	8	20,8
Негізгі мектеп	275	13	21,1
Орта мектеп	73	4	18,2
Мектеп бойынша барлығы	515	25	20,6

2017-2018 оқу жылы бойынша білім сапасы

Сатылар	2017– 2018 оқу жылы	
	Оқушы саны	%
1-4 сыныптар	167	69
5-9 сыныптар	275	49

10-11 сыныптар	73	48
Барлығы	515	55

1,2,5,7-сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылды. Әр пән бойынша ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген және ұзақ мерзімді жоспарда күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақыталануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

9,11-сыныптарда жыл соңында қорытынды аттестаттау жүргізіліп отырды.

2017-2018 оқу жылында Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 33,35,36,37 тармақшалары негізінде жүзеге асырылды.

2017-2018 оқу жылы бойынша қорытынды аттестаттауды талдау

Оқу жылдары	Түлектер	Білім сапасы, %	Орташа балл	Үздік аттестат (негізгі орта)	Үздік аттестат	Алтын белгі
2017-2018	43	51	4	5	-	8

Қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша пәндердің рейтингісі 9-класс

Пәні	2017-2018 оқу жылы	
	Үлгерімі	Білім сапасы
Орыс тілі	100	74
Орыс әдебиеті	-	-
Қазақ тілі	100	72
Қазақ әдебиеті	-	-
Математика	100	55
Қазақстан тарихы		
Таңдау бойынша пән		
География	100	66
Биология		
Ағылшын тілі		
Физика		

Дүниежүзі тарихы		
Басқа пәндер		

Қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша пәндердің рейтингісі 11-класс

Пәні	2017-2018 оқу жылы	
	Үлгерімі	Білім сапасы
Орыс тілі	100	90
Орыс әдебиеті		
Қазақ тілі	100	81
Қазақ әдебиеті	100	95
Математика	100	60
Қазақстан тарихы	100	83
Таңдау бойынша пән		
География	100	100
Биология	100	67
Ағылшын тілі	100	100
Физика	100	64
Дүние жүзі тарихы	100	20
Химия	100	50
Геометрия		

Мектептің оқу жоспарын талдау:

1. 2017-2018 о.ж. мектептің оқу жоспары толық орындалды, оқу бағдарламалар өтілді.
2. 9-сынып оқушылары қорытынды аттестация бойынша негізгі мектепті бітіру туралы аттестаттарын, 11-сынып оқушылары жалпы орта білім бітіру аттестаттарын алды. Барлық сатылар бойынша үлгерім бір қалыпта. Білім сапасы соңғы үш жылда тұрақты, 59% - **жеткілікті** деңгейде, үлгерімі 100%, оптималды деңгейде.
3. ҰБТ бойынша: жалпы мектеп бойынша орташа балл 95,3 /88,7/ өткен жылмен салыстырғанда +6,6 балға жоғарылады;
4. 90-100-ден артық балл аралығында жинаған – 23 оқушы, 64%;

Тәрбие жұмысына талдау

1. Тәрбие жұмысы ҚР Білім және Ғылым Министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері», Ақтөбе облысындағы тәрбие жұмысының 2013-2020 жылдарға арналған бағыт-бағдарламасын негізге ала отырып жұмыс жасады.

Әдістемелік жұмысына талдау

1. Оқу жылында жоспарланған әдістемелік жұмыс жоспары орындалды;
2. Оқу жоспары орындалды, бағдарлама өтілді.

3. Оқу жылы бойы қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды, жеке тұлғаға бағытталған сабақ жүргізу әдістемесін қолдану жұмысы жүргізілді;
4. Мұғалімдер біліктілік көтеру курстарынан уақытында өтті;
5. Бірнеше мұғалім біліктілік санатын көтерді;
6. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын, инновациялық үрдістерге қатысатын мұғалімдердің саны артты.
7. Әдістемелік құрал, электрондық орта шығару жолға қойыла бастады.

2017-2018 оқу жылында Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 33,35,36,37-тармақшалары негізінде жүзеге асырылды.

2) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2017-2018 оқу жылы бойынша мектептің жұмыс оқу жоспарларында білім беру салаларының болуы, оқу пәндерінің және сағат сандарының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес келуі бақылауға алынып, тексерілді.

2017-2018 оқу жылы бойынша

1,2-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 3-3)-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 453 бұйрығына 1-қосымшасымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылды.

3,4-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының» 1-қосымшасына сәйкес құрылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша

қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығының 6-қосымшасының «Біріктірілген білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» тарауының 19 тармақшасында «мектеп–гимназияларда, мектеп–лицейлерде пәндерді тереңдете оқыту үшін әр сыныпқа 4 сағаттан оқушылардың таңдауы бойынша факультативтер мен қосымша курстарды ұйымдастыруға және үйірмелерді ұйымдастыру үшін мұғалімдерге әрбір сыныпқа (2-4 сыныптарға) 0,25 бірлік (4,5 сағат) үйірме сағаттары берілді.

5,7-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-3)-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 07 шілдедегі № 432 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы № 422 бұйрығына 1-қосымшасымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылды.

Инклюзивті оқыту бойынша (7 «Б» сынып) «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы 6-6)-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 07 шілдедегі № 432 бұйрығына 4-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы № 422 бұйрығына 4-қосымшасы негізінде «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған сыныптар үшін негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылды.

Үйден оқыту бойынша (7 «А» сынып) «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы 6-6)-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 07 шілдедегі № 432 бұйрығына 4-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы № 422 бұйрығына 4-қосымшасы негізінде «Оқыту қазақ тілінде негізгі орта жеке тегін үйде (арнайы оқу бағдарламалар бойынша) оқытудың (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» негізге алып құрылды.

6,8,9 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 4-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының» 4-қосымшасына сәйкес құрылды.

Инклюзивті оқыту бойынша (6 «Ә» сынып) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 6-1 қосымшасына, Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы №61 бұйрығының 3- қосымшасы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына» сәйкес құрылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығының 6-қосымшасының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы №216 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «Біріктірілген білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» тарауының 19-тармақшасында «мектеп–гимназияларда, мектеп–лицейлерде пәндерді тереңдете оқыту үшін әр сыныпқа 4 сағаттан оқушылардың таңдауы бойынша факультативтер мен қосымша курстарды ұйымдастыруға қаржы бөлінеді. Үйірмелер, студиялар, ғылыми қоғамдастық және т.б. ұйымдастыру үшін мұғалімдерге әрбір сыныпқа 0,25 бірлік, сондай-ақ, жоғарғы білікті мамандармен келісім шарт негізінде жеке курстар мен лекциялар өткізу үшін мектепке жылына есеппен 1500 сағатқа қаржы бөлінеді». Осы бұйрық негізінде гимназия компоненті сағаттары есебінен пәндерді тереңдетіп оқыту үшін аптасына 5 «А», 7 «А» сыныптарына 2 сағаттан математика пәнін, 7 «Ә» сыныбына 2 сағат қазақ тілі пәнін, 8 «А», 9 «А» сыныптарына 4 сағат әр топқа 2 сағаттан ағылшын тілі пәнін оқытуға сағаттар және 0,25 ставка (4,5 сағат) үйірме сағаттары берілді. 5 «А», 5 «Ә», 6 «А», 6 «Б», 7 «А», 7 «Ә», 8 «А», 9 «А» сыныптары гимназия сыныптары болып оқытылды.

10 «Ә», 11 «Ә» сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының» 7-қосымшасына сәйкес құрылды.

10 «А», 11 «А» сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының» 8-қосымшасына сәйкес құрылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығының 6-қосымшасының «Біріктірілген білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» тарауының 19-тармақшасында «мектеп–гимназияларда, мектеп–лицейлерде пәндерді тереңдете оқыту үшін әр сыныпқа 4 сағаттан оқушылардың таңдауы бойынша факультативтер мен қосымша курстарды

ұйымдастыруға және үйірмелерді ұйымдастыру үшін мұғалімдерге әрбір сыныпқа 0,25 бірлік (4,5 сағат) 10 «А», 11 «Ә» гимназия сыныптарына үйірме сағаттары берілді, сондай-ақ жоғарғы білікті мамандармен келісім шарт негізінде жеке курстар мен лекциялар өткізу үшін мектепке жылына есеппен 1500 сағатқа қаржы бөлінеді».

Жоғары оқу орындары оқытушыларының жоғарғы білікті мамандарымен жеке курстар өткізу үшін оқу пәндеріне 1500 сағат есебінен оқу жүктемесі бөлінді.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2017-2018 оқу жылында 1, 2-сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы №266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен» күнтізбелік жоспар құрылып, пәндер бойынша базалық мазмұн игерілді.

3, 4, 6, 8-11-сыныптар «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларымен оқыды.

6, 8, 9-сыныптар «Қазақстан тарихы» пәнін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығының 2-қосымшасымен оқыды.

Қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11- сыныптағы Қазақстан тарихы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығының 5-қосымшасымен, қазақ тілі 4-қосымшасымен, «Адам.Қоғам.Құқық» 6-қосымшасымен оқытылды.

2017-2018 оқу жылында 5,7-сыныптар жаңартылған білім мазмұнына көшті.

5, 7-сыныптарда білім беру процесі:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – ҚР МЖМБС-2016);

5, 7-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін

пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқыды.

4) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

2017-2018 оқу жылындағы тәрбие жұмысы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім берудің зайырлы, гуманистік және дамушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуы басымдығы, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту, оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары болып табылады.

№2 Мәртөк мектеп-гимназиясындағы оқыту мен тәрбие бағыттары құндылық пен дағдыны дамытуға, білім алушылардың таным мәселелерін шешуге, жеке тұлға ретінде жетіліп, өзіндік іс-әрекетін қалыптастыруға, пәндердің бір-бірімен байланысын күшейтуге ықпал жасайды. Оқушының өзін-өзі тұлға ретінде жүзеге асыруына мүмкіндік беру мен қолайлы орта құру, олардың жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғалық және әлеуметтік-мәдени дамуына тікелей тәрбиеге байланысты. Осы орайда «Мәңгілік Ел» идеясын білім беру мен тәрбиелеуде іске асыруда елімізде жалпыұлттық идеяның құндылықтарын оқу-тәрбие жұмысының барлық түрлері арқылы кешенді түрде жүзеге асыру қолға алынды.

Тәрбие беру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін мынадай заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер жүзеге асырылды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Балалар құқықтары туралы» Заңы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

№2 Мәртөк мектеп - гимназиясының 2017-2018 оқу жылындағы тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін, Ақтөбе облысындағы тәрбие жұмысының 2013-2020 жылдарға арналған бағыт-бағдарламасын басшылыққа алып, жұмыс

жасады. Сынып жетекшілер тәрбие процесіне әдіснамалық қолдау көрсету бойынша Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы сайтында орналастырылған (www.nao.kz).әдістемелік ұсынымдар негізінде, тәрбиенің жаңа технологиялары мен белсенді формаларын өнімді пайдалана алды.

Мектептің тәрбиелік мақсаты:

Тәрбиенің жаңа технологиялары мен белсенді формалары арқылы жеке тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасу мен дамуына, кәсіби жетілуіне қажетті жағдайлар жасай отырып, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы аясында елін сүйер шәкірт тәрбиелеу.

Тәрбие міндеттері:

- “Мәңгілік Ел” жалпыұлттық патриоттық идеясын және оның құндылықтарын алға бастыру, бірегейлік пен бірлікті нығайтуға, елі үшін мақтанш сезімін нығайтуға ықпал ету.
- Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына, саяси –құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
- Оқушы жастар бойында рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін қалыптастыруға ықпал ету.
- Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде қалыптасуына, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
- Отбасы құндылықтары мен дәстүрлерді кеңінен насихаттау, бала тәрбиесі үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
- Жан – жақты тәрбие беретін және дамытушы бағдарламаларды, жаңа технологияларды жүзеге асыру.
- Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыру;
- Оқушылардың зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуға ықпал ету.
- Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, жағымсыз әсерлерге қарсы тұру, спортпен шұғылдануға ұмтылыстарын дамыту.
- Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыруда қосымша білім беру мекемелерімен тығыз байланыс орнату.

Тәрбие жұмысы 9 бағытта құрылды:

- 1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.
2. Ұлттық тәрбие.
- 3.Отбасы тәрбиесі.
- 4.Рухани-адамгершілік тәрбие./Діни тәрбие, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет./
5. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие.
- 6.Қоршаған ортаны, өзін-өзі оңтайлы қабылдауы, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу
7. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- 8.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
9. Дене тәрбиесі.Салауатты өмір салты.

Осы бағыттарда сынып сағаттары, сыныптан тыс жұмыстар жүргізілді.

Мектебіміздің 2017-2018 оқу жылындағы тәрбие жұмысының тағы бір ерекшелігі **Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы** қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерді терең зерделеу және білім алушылар арасында таратуды ұйымдастыру болып табылды. «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі аясында 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Мен өз Отанымның патриотымын» атты салтанатты жиын және аталмыш тақырыпта алғашқы **Білім сабағы** өтті. «EXPO-2017»: Астанада энергетика бойынша қандай алдыңғы қатарлы шешімдер ұсынылды» атты деректі фильмі оқушылар назарына ұсынылды.

Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен ауқымды жұмыстар:

- «Бейбітшілік күні сөнбесін» атты салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиында Ауған соғысының ардагерлері және ғасырдың техногендік апаты болған Чернобыль оқиғасының куәгерлері, Невада-Семей қозғалысының белсенділері қонақ болды. Ұлы Отан соғысының батырларына гүл шоқтарын қою құрметіне аудандық жол қозғалысының жас инспекторлары слетінің жеңімпаз оқушыларымыз ие болды. Патриоттық әндер шырқалып, «Жас сарбаз» үйірмесінің оқушылары әскери-спорттық ойындар көрсетті.

- «Білімді ұлт – сапалы оқыту мен отбасы құндылығы» жалпыұлттық ата-аналар жиналысын өтті. «Білім сапасы, ҰБТ-ке дайындық» тақырыбында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Кунанова А. А., ««Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру-тәрбие негізі» тақырыбында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Садыкова А. Ж., «Бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігі» тақырыбында аудан прокурорының көмекшісі Наурызова Марал Закарияқызы, «Балалардың қауіпсіздігі» тақырыбында Мәртөк аудандық ТЖҚ қызмет бөлім басшысы Ахметов Ауесхан Оразгельдинович, АІБ КТ ісі жөніндегі инспекторы, полиция аға лейтенанты Нұрлыбек Дулат баяндама оқып, әр баяндама бойынша бейнематериалдар көрсетілді.

- Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Жанайдар Сәдуақасовтың 120 жылдығына орай, мектеп кітапханашысы Сара Баймухановна Алашорда қайраткерінің тағылымды өмірін жоғарғы сынып оқушыларына ақпараттандыру мақсатында патриоттық сағат өткізді. Сағат барысында Алаш қозғалысына қатысушысының 1931 жылы Қазақстан партия ұйымы қабылдаған маңызды қаулы-қарарларды жинастырып, құжаттар жинағын шығарған еңбектері туралы сөз қозғалды. Сәдуақасовтың өмір жолының патша өкіметі құлағаннан кейінгі алғашқы кезеңі С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» тарихи романында суреттелген. Ж.Сәдуақасовтың есімінің 1957 жылдың сәуірінде ақталғанын және тағы басқа ақпараттармен оқушылар өз білімдерімен бөлісті.

- Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу шарасы мектебімізде дөңгелек үстел түрінде «Өткенге құрмет – мәңгілік міндет» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімдері Жанжумаева С., Амиров С. Ұйымдастыруымен өтті.

Дөңгелек үстел I, II бөлімнен құралды. I бөлімде елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналып жасалып жатырған іс-шаралар туралы сөз қозғалса, келесі бөлімде көпшілікке беймәлім қуғын-сүргін құрбандары туралы кеңінен сөз қозғалды. Оқушыларға қуғын-сүргін зардаптарының тарихымызда өткен зұлмат кезеңдердің ақпараттарымен бөлісіп, бейнероликтер көрсетілді. Оқушылар назарына «Аманат», «Заман ай», «Жансебіл» фильмдерінен үзінділер көрсетілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет

- «Сыбайлас жемқорлықсыз ел – өркендеуші ел» атты пікірталас өтті. Пікірталасқа 9 –11 сынып оқушылары, ата-аналар, ұстаздар қауымы көрермен ретінде қатысса, арнайы шақырылған қонақтар қатарында «Жастар ресурстық орталығы» мамандары Умаров Бақытжан, Бижанова Анаргүл, аудандық «Мәртөк тынысы» газетінің тілшісі Калпиева Аманат т.б болды. Пікірталасты мектебімізде ашылған «Пікірталас» үйірмесінің жетекшісі Муханбетов Сабит жүргізді. Сыбайлас жемқорлық туралы түсінік беріп, бейнеролик көрсетілгеннен кейін ортаға «Сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері» деген сұрақ тасталды. Осы сұрақ аясында «Оппозиция» және «Үкімет» екі топ құрылды. Әр топта жетекші лидерлер мен спикерлер жалпы 2 адам, 2 топта 4 қатысушы болды. Қатысушылардың келісілді уақытын бақылау үшін таймспикер және дебатты қорытындылап, саралау үшін төрешілер де болды.

- Мәртөк ауданының «АДАЛ ЖОЛ – ЧЕСТНЫЙ ПУТЬ» марафон-эстафетасы аясында № 2 Мәртөк мектеп-гимназиясында аудан мектептеріндегі «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары арасындағы «Рухани адамгершілік және азаматтық-патриоттық» тақырыбындағы пікірсайыс турнирі оздырылды. Аталмыш іс-шараға Ақтөбе дебат орталығының директоры Тобылбаев Еркін Теміржанұлы және Ақтөбе дебат орталығының облыс координаторы Еселбаев Азамат Бекболатұлы келіп, өз төрешіліктерін атқарды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті оқушылар арасында қалыптастыру мақсатында №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында құрылған «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының белсенді оқушылары әрі «Пікірсайыс» үйірмесінің пікірсайысшылары Елтаева Асемай, Тныштықова Асем, Елтаева Тілектес және мектеп оқушылар парламентінің президенті Файзуллаев Бауыржан ерікті мектеп клубының оқушыларға тигізер пайдасы туралы айтып өтті.

- Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру бойынша ауданымыздағы табысты жандар мен көшбасшылармен «Сыр сұхбат» кездесу кеші өтті. Кездесу кешіне келген қонақтар қатарында аудандық темір жол станциясының басшысы: Жиенбаев Ерлан, № 4 мектеп директоры Айтназаров Мұрат Шикалович, жеке кәсіпкер Муканова Базаргуль Мухамбеткаримовна болды. Кеш қонақтары өздері таңдаған мамандыққа қалай келгендері мен табыс жолдарын ашып айтты. Көрермендер тарабынан қойылған сұрақтарға, жүргізуші әрі шараны ұйымдастырушы Қуантаева Қымбаттың дайындаған психологиялық сұрақтарына шынайы жауап берді.

Патриоттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту аясында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күнін атап өту мақсатында 1-11- сыныптарда «Әлем мойындаған ұлы тұлға», «Елбасы жолы» атты сынып сағаттары өтті.

1-сынып оқушылары арасында «Мен - Президентпін» атты байқау ұйымдастырылды.

«Біз нағыз патриот – адал ұрпақпыз!» атты 6-8-сынып оқушыларымен флешмоб өтті.

Тарих пәні мұғалімдері С. Жанжумаева мен С. Амировтың жетекшілігімен «Н.Ә. Назарбаев – Тұңғыш Президент» атты кеш өтті. Кеш ҚР Мемлекеттік Гимнімен ашылды. Мектеп басшысы Б.А. Абдуллина барша ұстаздар мен оқушыларды мерекемен құттықтап, халқын әлемге танытқан Елбасынан үлгі алуымыз қажет екендігін айтты. Кеш барысында оқушылар елбасының еңбек жолымен, отбасы өмірімен таныс болды. Өндер шырқалып, оқушылар Нұрсұлтан Әбішұлына арналған монолог оқыды.

Жасөспірімге нашақорлық, ішімдік, темекі шегу проблемаларын сезінуіне көмектесу және қорғаныс дағдысын өндіру мақсатында «Нашақорлық, ішімдік, темекі шегу» тренингі өткізілді.

АҚТБ/ЖҚТБ қарсы күрес күніне 5-8 сыныптар арасында қабырға газеті, 9-10-сыныптар арасында буклет жасау, 11-сыныптар мен жас мамандар арасында спорттық сайыс, бастауыш сыныптар мен 9-сыныптар арасында «Көңілді үзіліс» музыкалық әуен қойылды, 7-сыныптар мен 6-сыныптар арасында флешмоб ұйымдастырылды.

Оқушыларға уақыттың құндылығын түсіндіре отырып, қалай тиімді пайдалануға болатындығы жөнінде мәліметтер беру мақсатында, «Уақытты тиімді пайдалану» атты семинар-тренинг жүргізілді. Оқушыларға тайм-менеджмент бойынша, бірнеше техника, әдіс-тәсілдер өткізілді.

Ата-анаға баланың психологиялық жағдайын түсіндіру, жеке тұлға болып қалыптасуындағы рөлін таныту. Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету. Ата – аналардың емтиханға деген көзқарасын анықтап, қорқынышын сейілту, психологиялық қолдау көрсету мақсатында, ҰБТ тапсыратын 11-сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Емтихан және ата-ана» атты психологиялық қолдау көрсету жұмысы жүргізілді.

«Өмірін игі істерге арнаған» тақырыбында спорт саласында белгілі жетістіктерге жеткен мектебіміздің түлегі, жерлесіміз, панкратионнан, ММА-дан ережесіз жекпе-жекпен Қазақстан чемпионы, ММА-дан 2 дүркін әлем чемпионы және 2 дүркін Азия чемпионы Ермеков Дауренмен кездесу кеші өтті. Кездесу кешіне спортты жаны сүйетін жастар жиналды. Даурен кездесу кешіне өз жүлделерін, медалдары мен дипломдарын, белдіктерін ала келді. Олар кеш өткізілетін залдың көрнекілігіне айналды. Өзінің еңбек жолын педагог болып бастаған Даурен, спортқа келіп, осындай әлем деңгейіне дейін көтеріліп, танымал болатыны туралы еш ойына кіріп шықпағаны жөнінде, өзі айналысқан спорт түрлері, отбасы мен достары туралы айтып өтті.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мақаласын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 26 жылдығына және Алаш Орда үкіметінің жарияланғанына 100 жылдық мерейтойы құрметіне «Тәуелсіз елдің тұғыры биік» атты мерекелік концерт өтті. Мерекелік концерт Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранымен ашылды. «Тәуелсіздік тарихы» атты бейнеролик көрсетілді. Тәуелсіз Қазақстан әні «Балдырған» хорының орындауында шырқалды.

«Менің болашақ мамандығым, оны қалай елестетеміз» атты 11 «А» сынып жетекшісі Б.Өтегеннің жетекшілігімен ашық сынып сағаты өтті.

Ұлттық дәстүрлер мен отбасы тәрбиесі

-«Әке беделі – ұлт абыройы» атты облыстық форум аясында «Әкеге тағзым» күні аталып өтті. Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін дәріптеу, отбасылық тәрбие мәселелеріне қоғамның назарын аудару. «Әкеге тағзым» күні «Менің әкеммен өткізген қызықты сәттерім» фотосурет көрмесі, «Әкеден қалған бір өнер» қолөнер бұйымдары көрмесі, «Әкеге тілек» тілектер бұрышы, «Махаббатқа толы жүрек» қабырға газеттері ұйымдастырылды. Кешкілік мезгілде әкелермен кездесу жиналысы өтті. Кездесуге әкелер әдеттегіден көп жиналды. Әке туралы әндер шырқалып, «Әке бала сөзімен» атты мектебіміздің ең кішкентай бүлдіршіндерімен түсірілген бейнероликті тамашалады. Ата-аналар комитетінің төрағасы Ә.К. Тағыберген, ардагер ұстаз Шағатаев Амангелді Жұмабекұлының баяндамалары тыңдалды. Ата-аналар комитетінің мүшелері Усенов А.Қ., Садуанов С.Т., Ерманов Қ.Б. «Қазіргі таңдағы әке бейнесі», «Әкенің отбасындағы рөлі», «Әкенің қоғамдағы орны» туралы пікірлерге ой бөлісті.

- «Алғысым шексіз Халқыма!» мектеп қызметкерлері және оқушыларының қатысуымен 1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай «Қарттарыма мың алғыс» акциясы аясында мектебіміздің 8 «Ә» класс оқушылары және еріктілер тобымен бірге Абай көшесі 35 үйінде орналасқан Ахметов Абдумалик ата және Ахметова Үйсін әженің үй шаруашылығына көмек қолын созды.

-«Мейірімділік» күні өтті. Оқушылар мектеп қызметкерлеріне сүйіспеншілік пен мейірімділікке толы жылы сөздерін білдірді. Ашықхаттар сыйлады. «Жақсы адамдар» әнін мектеп оқушылар барлығы бірге шырқады.

-«Алғысым шексіз Әлемге» атауымен 1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай, мектебіміздің 11 класс оқушыларының қазақ, орыс және ағылшын тілінде алғыс айту видеороликтері түсірілді. Мектептің оқушылар парламентінің президенті Файзуллаев Бауыржан және озат оқушылар өз тілектерімен алғыстарын айтты.

-8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне мерекеге орай «Анаммен селфи» фотосуреттер көрмесі ұйымдастырылды. Мектептің әрбір оқушысы өзінің анасымен түскен суреттерін тапсырулары арқылы аталмыш көрмені сәтті жүзеге асырды.1 «А» класының жетекшісі Хайруллина Рита Молдановна 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Кішкентай ханшайым» атты сайыс өткізді. Сайысты тамашалауға әрі өз балаларына көмектесуге ата-аналарда белсенді қатынасты.

-Облыс әкімі Б.Сапарбаевтың «Бақытты бала» жобасы аясында Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай 6 сынып оқушылары арасында «Білгіштер бәйгесі» атты ұлттық сайысы өтті. Сайысқа мектебіміздің 6 «а» сыныбынан құралған «Тұмар» тобы, 6 «ә» сыныбынан «Шаңырақ» тобы және 6 «б» сыныбынан құралған «Жас Ұлан» тобы белсенді қатысты.

-19 наурыз күні Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай, «Қош келдің, әз Наурыз» мерекелік концерт өтті. Қамқоршылық кеңесінің қолдауымен облыстық «Алақай» қуыршақ театрының мерекелік қойылымы мектеп оқушылары мен ата-аналарына тарту етілді.

-Сәуір айының 12 жұлдызы «Халықаралық авиация және ғарышкерлер» күні ретінде елімізде аталып өтетіні мәлім. Осыған орай №2 Мәртөк мектеп-гимназиясында ғарышкерлер күні «Ғарышкер болу арманым» атты ақпараттық-танымтық сағатымен аталып өтілді. Ақпараттық-танымдық сағат барысында оқушыларға көптеген тың ақпараттар айтылды және оқушылар тарапынан өзіндік пікірі бар оқушылар өз ойларын көрсетілім пікірталасында көрсете білді. Пікірталас тақырыбы «Ғарышты игерудің пайдасынан зияны басым деп есептейді». Көрсетілім ойынына 9 сынып оқушылары Елтаева Асемай және Елтаева Тілектес қатысып, ал 10 сынып оқушылары атынан Бактыгулова Алима және Тлеубаева Айдана қатысты.

-Ата-аналарға есірткі қолданғанда бала мінез-құлқындағы өзгерістер туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, бейнероликтер көрсетілді. Күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтану бойынша «Денсаулықты нығайту жолдары» тақырыбында дәріс өткізілді.

Таным мәселелерін шешуге бағытталған жұмыстар

-Мінез құлқы қиын оқушыларды анықтау мақсатында, жобалау тесті өткізіліп, 11-сынып оқушыларынан «Нашақорлық туралы білесің бе?» сауалнамасы алынды. Жасөспірімге нашақорлық, ішімдік, темекі шегу проблемаларын сезінуіне көмектесу және қорғаныс дағдысын өндіру мақсатында «Нашақорлық, ішімдік, темекі шегу» тренингі өткізілді.

-11-сынып оқушыларына «Емтиханға қалай дайындалу керек» тақырыбында, сабаққа арналған орын, күн тәртібін дұрыс пайдалану, тамақтану бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Уақытты тиімді пайдалану мақсатында, кесте құру әдісі ұсынылды. Алынған Юнифест сауалнамасының нәтижесі бойынша оқушылар арасында өз-өзіне қол жұмсауға бейім оқушылар анықталған жоқ.

- 7,8,9-11-класс оқушыларының ата-аналарнан «Мектеп ата-аналар көзімен» атты сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша қанағаттанарлық деген баға берілді. 5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңінің өтуге психологиялық қолдау көрсету мақсатында социометрия әдістемесі бойынша оқушылардың сыныптағы қарым-қатынас анықтау, Мюнстенберг зейін шоғырлануын анықтау, логикалық ойды анықтауға арналған әдістемелер жүргізілді. 10-класс оқушыларының арасында Климовтың мамандық анықтауға арналған әдістемесі анықталды. 8 «Ә» класс эксперимент класс оқушыларына Дж.Голандтың әдістемесі жүргізілді, нәтижесі бойынша әлеуметтік және әртістік тип басым. Тоқсан соңында 8 «Ә» класс

оқушыларының ата-аналарына жиналыс жүргізілді, жиналыс барысында эксперимент кластың білім сапасымен , жетістіктері туралы айтылып ата-аналардың ойы тыңдалды.

-«ҰБТ, оқушы, ата-ана» тақырыбында емтихан алдындағы оқушылармен ата-аналарға психологиялық көмек көрсету жұмыстары жүргізілді.

1-11-сынып оқушыларының тәрбиелік деңгейі

Оқу жылының басы



Оқу жылының соңы



2017-2018 оқу жылында жоспар бойынша белгіленген мақсат – міндеттер толығымен орындалды. Жоспарлы, жоспардан тыс іс-шаралар уақытында өткізілді. Мектеп оқушылар аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардан жүлделі орындарға ие болды. Тәртіп бұзып аудандық ішкі істер бөлімі мен аудандық ауруханаға есепке алынған оқушы болған жоқ.

5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

№2 Мәртөк мектеп – гимназиясында оқушылардың бойында рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында үлгілік жоспардың гимназия және вариативті компонент сағаттары есебінен жеке және топтық дамытушылық сипаттағы үйірме сабақтары жүргізілді. Гимназия және вариативті компонентінен берілген үйірме сағаттары 2017-2018, №2 кестеге салынып, оқушыларға ыңғайлы уақытта және сенбі күніне қойылды.

2017-2018 оқу жылында барлық оқушы саны – 522. Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға оқушыларымыздың қатысу нәтижелері:

Халықаралық, республикалық - 3%

Облыстық - 9%

Аудандық - 20,3%

2017-2018 оқу жылы гимназия компоненті есебінен жүргізілген жеке және топтық дамытушылық сипаттағы үйірме сабақтары

№	Сыныбы	Тақырыбы
1	2 «А», 2 «Ә», 3 «А», 3 «Ә»	Хореография
2	4 «А»	Тоғызқұмалақ
3	4 «А», 4 «Ә»	Домбыра
4	4 «Ә»	Тоғызқұмалақ
5	5 «А»	Қылқалам
6	5 «А»	«Балдырған» балалар хоры
7	5 «Ә»	Қылқалам
8	5 «Ә»	Әнші балапан
9	6 «А»	Фотостудия
10	6 «Б»	Тіл шебері
11	6 «Б»	Пікірсайыс
12	7 «А»	Самғау
13	7 «Ә»	Самғау
14	9 «А»	Сән әлемі
15	9 «А»	Алтын оймақ
16	10 «А»	Пікірсайыс
17	10 «А»	Танылмаған талант
18	11 «А»	Жас көшбасшылар
19	11 «А»	Сән әлемі

Оқушы компоненті есебінен жүргізілген үйірмелер, жеке және топтық дамытушылық сипаттағы үйірме сабақтары

№	Сыныбы	Тақырыбы
---	--------	----------

1	3 «А»	Шебер балдырған
2	3 «Ә»	Шебер балдырған
3	4 «А»	Әнші балапан
4	4 «Ә»	Әнші балапан
5	5 «А»	Өлең сөздің патшасы
6	5 «Ә»	Шебер қолдар
7	5 «Б»	Футбол
8	7 «А»	Моншақ
9	7 «Ә»	Моншақ
10	7 «Б»	Моншақ
11	8 «А»	Былғары доп
12	8 «Ә»	Былғары доп
13	9 «А»	Былғары доп
14	9 «Ә»	Баскетбол

2017-2018 оқу жылында барлық оқушы саны – 522. Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға оқушыларымыздың қатысу нәтижелері:

Халықаралық, республикалық - 3%

Облыстық - 9%

Аудандық - 20,3%

**Оқушылардың спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері
2017-2018 оқу жылы**

Кестедегі халықаралық дәрежедегі конкурстарға ««Ит адамның досы» сурет байқауы, «Международный творческий конкурс», «Юный художник», «Жасөспірімдер арасындағы волейбол турнирі» атты конкурстардың жеңімпаздары енгізілді. Қатысушылар саны -4.

Республикалық дәрежедегі конкурстарға «Менің Астанам», «Мен суретші боламын», «Ертегілер еліне саяхат» атты көркемсурет байқаулары, I Республикалық «Қазақстан Таланттары» байқаулары, Грэплингтен жасөспірімдер мен жастар және ересектер арасындағы турнир, Қадыр оқулары, спорттық жарыстардың жеңімпаздары енгізілді, олардың саны – 13.

Осы оқу жылындағы оқушылар контингенті – 522, халықаралық, республикалық жүлдегерлердің үлесі – 3%.(17)

Облыстық дәрежедегі конкурстарға «Мәңгілік елдің жастары» пікір-сайыс турнирі, ҚР мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында «Мәңгілік елдің жастары» атты Ақтөбе пікір-сайыс турнирі, ҚР мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында «Мәңгілік елдің жастары» атты Ақтөбе пікір-сайыс турнирі, «Тәуелсіздік – жыр әнім» шығармашылық фестивалы, «SportFest Kazakhstan» спартакиадасы, үстел теннисі, «Ақ ладья» шахмат турнирі, «Басқарылатын роботтар» футболы робототехника чемпионаты, шаңғы жарысы, «Күй күмбірі» атты күйшілер байқауы, «Ұлы Дала мұрасы», Жұбанов кездесулері, кадеттер мен жасөспірімдер арасындағы чемпионат, Грэплингтен чемпионат, «Қобыз үні» қобызшылар байқауы жүлдегерлері енгізілді. Жалпы білім алушы жүлдегерлердің үлесі - 9%(47).

Аудандық кемеулігілеу спорты, волейбол, еркін күрес, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, шахмат, «SportFest Kazakhstan»,футзал, «Бал дәурен -2017», «Әнші балапан -2017», «Күй дастан -2018» байқауларының жүлдегерлері енгізілді. Оқу жылындағы білім алушылар контингентінен жүлдегерлердің үлесі-20,3% (107).

2017-2018 оқу жылы

№	Халықаралық іс-шаралар	Аты -жөні	Сыныбы	Жүлдесі
1	«Ит адамның досы» сурет байқауы	Амантаева А.	7	I орын
2	Международный творческий конкурс «Юный художник»	Сапахов Ислам	6	I орын
3	Жасөспірімдер арасындағы волейбол турнирі	Сисенғалиев Олжас	9	I орын
4	«Өнер START» өнер байқауы вокал жанры бойынша	Айғалиева Асылзат	5	III орын
№	Республикалық іс-шаралар	Аты-жөні	Сыныбы	Жүлдесі
1	«Менің Астанам» атты көркем сурет байқауы	Амантаева Аида	7	I орын
2	«Мен суретші боламын» тақырыбында өткізілген балалар көркемсуреттерінің байқауы	Сапахов Ислам	6	I орын
3	«Ертегілер еліне саяхат» сурет салу	Қапар Ақторғын	8	I орын
4	Грэплингтен жаңа жыл мерекесіне орай жасөспірімдер мен жастар және ересектер арасындағы турнир	Төлегенов Мирас	6	III орын
5	I Республикалық «Қазақстан Таланттары»рухани –патриоттық байқауы «хореография өнері»номинациясы бойынша	Төлегенов Мирас	6	I орын
6	I Республикалық «Қазақстан Таланттары»рухани –патриоттық байқауы «хореография өнері»номинациясы бойынша	Төлегенов Арсен	6	I орын
7	Грэплингтен жаңа жыл мерекесіне орай жасөспірімдер мен жастар және ересектер арасындағы турнир	Төлегенов Арсен	6	III орын
8	Грэплингтен балалар, кадеттер мен жасөспірімдер арасындағы чемпионат	Төлегенов Арсен	6	I орын
9	I Республикалық «Қазақстан Таланттары»рухани –патриоттық байқауы «бейнелеу өнері»номинациясы бойынша	Сапахов Ислам	6	I орын
10	I Республикалық «Қазақстан Таланттары»рухани –патриоттық байқауы «аспаптық орындаушылық өнері»номинациясы бойынша	Тынашева Жамал	4	II орын
11	Шағын футбол спорт түрі	Асанов Миржан	7	II орын
12	Грэплингтен жаңа жыл мерекесіне орай жасөспірімдер мен жастар және ересектер арасындағы турнир	Онгарбаев Жанарыс	7	II орын
13	«Қадір оқулары 2017»байқауы	Жолмұрат Мерей	7	III орын
№	Облыстық іс-шаралар	Аты-жөні	Сыныбы	Жүлдесі
1	«Мәңгілік елдің жастары» пікір-сайыс турнирі	Елтаева Тілектес Сәндібекқызы Б	9	II орын

2	ҚР мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында «Мәңгілік елдің жастары» атты Ақтөбе пікір-сайыс турнирі	Қонысбаев Н Файзуллаев Б	10	III орын
3	«Тәуелсіздік – жыр әнім» шығармашылық фестивалі	Абдрешова Динара	6	I орын
4	« SportFest Kazakhstan» спартакиадасы	Мубаракова Дильназ	7	II орын
5	« Мерген Ару -2018» жарысы	Мубаракова Дильназ	7	III орын
6	Үстел теннисі	Жұмабеков Д.	6	II орын
7	Үстел теннисі	Кульбараков Д. Әлімжанов А.	7	III орын
8	2005 жылы туылған қыздар арасындағы үстел теннисінен чемпионат	Ордабаева Г. Ағайдарова А.	7	II орын
9	«Ақ ладья» шахмат	Табанов Мақсат	10	I орын
10	«Басқарылатын роботтар» футболы робототехника чемпионаты	Ахметов Аңсар	8	III орын
11	«Ақ ладья» шахмат	Айғалиева Асылзат	5	I орын
12	Шаңғы жарысы	Есбусинов Ақылбек	7	I орын
13	ҚР мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында «Мәңгілік елдің жастары» атты Ақтөбе пікір сайыс турнирі	«Ақиқат» командасы: ҚонысбаевН. Файзуллаев Б.	10	III орын
